



МЕКТЕПТЕГІ ЗОРЛЫҚ-  
ЗОМБЫЛЫҚҚА  
КӨЗ ЖҰМЫП ҚАРАУҒА  
БОЛМАЙДЫ

2-бет



СУДЬЯЛАРҒА  
ҚАШАНҒА ДЕЙІН  
ЕСКЕРТУ ЖАСАУҒА  
БОЛАДЫ?

2-бет



ГИБЕЛЬ ДЕТЕЙ  
В АСТАНЕ –  
СВОЙ СОЦИАЛЬНОЙ  
МОДЕЛИ

11-бет

# ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

||

qazaquni2000@gmail.com

||

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

||

№5 (823), 8 ақпан, 2019



## ШЫРҚАШЫ, ЖӘНІБЕК!

Қазақтың ұлы әншісі, марқұм  
Жәнібек Кәрменовтің  
аруағына бас ие отырып  
Ән сарайы мен Сыр қамалын  
сағына аралау

Жәнібектің елуінші туған күні  
әне келеді, міне келеді деп күтіп  
жүрген күндердің бірінде үйге  
жазушы Тұрсын Жұртбай телефон  
шалды...

8-9  
бет

# ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ МЕ, ӘЛЕУМЕТТІ ҚОРЛАУ МИНИСТРЛІГІ МА?!

ТҮНГІ ЖҰМЫС АТА-АНАЛАРДЫҢ  
ТАҢДАУЫ ЕМЕС, МӘЖБҮРЛІК,  
ВИЦЕ-МИНИСТР  
СВЕТЛАНА ЖАКУПОВА!

3  
бет

Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі Мадина Абылқасымованың: «Көп балалы аналарға миллиондап қаржы берудеміз» деп, әр балаға төленетін 2 мың теңгені қандай арифметикамен көбейтіп отырғанын өзі де білмей, елдің қатты наразылығына душар болғаны таяуда ғана еді... Енді міне, вице-министрі Светлана Жакупова журналистердің «Көп балалы аналар неге түнгі жұмыс істеуге мәжбүр?»-деген сұрағына: «Это их выбор» (Бұл оладың таңдауы) деп былш еткізді! Сонда тірідей өртке оранған бес баладан айырған түнгі жұмысты беймезгіл қаза тапқан бейкүнә періштелердің анасы өзі таңдап алды ма, вице-министр Светлана Жакупова?!



Азат ПЕРУАШЕВ:

## ЖАСТАРДЫ БАСПАНАМЕН ҚАМТУҒА КҮШ САЛУЫМЫЗ ҚАЖЕТ

Жұмыс сапарымен Қостанайға келген «Ақ жол» партиясының жетекшісі, Парламент Мәжілісінің депутаты Азат Перуашев «СарыарқаАвтоПром» және «Агро-машХолдинг КЗ» кәсіпорындарының еңбек ұжымымен кездесті.

4  
бет




## ТАҒДЫРЛЫ ЖЫРДЫҢ ТАРПАҢЫ

Қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті ақыны Жүрсін Ерманның 5 томдық шығармалар жинағы жарыққа шыққанын естіп, ақын туралы көптен көңілде жүрген пейілімді тілектес тілге түсірдім.

14  
бет

## ЛЮБИТЬ ПО-КАЗАХСКИ или почему казахстанская идентичность есть идентичность казахская

Наверное, ни одно понятие в СССР не обсуждалось так пристрасно, не искажалось так бессовестно и не обросло пугающими мифами, как казахский национализм. Советские демагоги от Кремля добились своей цели – превратили казахский национализм в жупел, которым имперцы до сих пор пугают казахов.



12  
бет

## МЕКТЕПТЕГІ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА КӨЗ ЖҰМЫП ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ

Мектептердегі зорлық-зомбылық – бұл барлық мемлекеттік органдардың жұмысындағы кемшілік екенін мойындау қажет. Бұл туралы Жастар жылын өткізу аясында тұрған мақсаттарға арналған дөңгелек үстел отырысында Парламент Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев мәлім етті.

«Мектептерде орын алып отырған зорлық-зомбылық жағдайлары – бұл барлық мемлекеттік органдардың жұмысындағы кемшілік екенін мойындау қажет. Бұл мәселеге көз жұмып қарауға болмайды. Осы түйткілдің шығу себептерін анықтап, мектептерді жайлаған қорқыныш пен үрейден түбегейлі құтылу үшін нақты шаралар қолдану керек. Бұл мұғалімдердің, ата-аналар мен жастар ұйымдарының, барлық деңгейдегі әкімдердің және тұтас қоғамның алдындағы маңызды міндетке айналуы тиіс», – деді Қ.Тоқаев.

Осы орайда ол ел мектептеріндегі қорқыту, зорлық-зомбылық, кемсіту жағдайлары



қоғамдық резонанс тудырғанын еске салды. Оның сөзіне қарағанда, бұл проблема барша әлемде кеңінен таралып отыр. ЮНИСЕФ балалар қорының мәліметінше, әлемде 13-15 жастағы әрбір екінші оқушы, бұл шамамен 150 млн бала мектепте қатарластары тарапынан қысым көреді. Сол сияқты спикер мектептердегі жүріс-тұрыс әдебі және киім кию үлгісі халықаралық тәжірибені, ең бастысы, халқымыздың ұлттық дәстүрлерін негізге алуы керектігін айтты. «Шын мәнінде біз шетелден кел-

ген жалған діни стереотиптерді емес, ұлттық дәстүрлерімізді арқау етуіміз тиіс. Бүгінгі таңда діни сеніміне бола, балаларды білім алу мүмкіндігінен айырып, олардың білім көздерінен қол үзуіне мәжбүр болған жағдайлар орын алып отыр. Менің ойымша, бұл мәселеде әлі де толыққанды шешім табылған жоқ. Сондықтан осы күрделі мәселе жөнінде келісілген және орынды шешім табуы үшін Парламент пен Үкіметті бірлесіп жұмыс істеуге шақырамын», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## ҚОЛМА-ҚОЛ АҚШАСЫЗ ТӨЛЕМДЕР ҚОЛАЙЛЫ

Қазақ-Америка университетінде «Толық қолма-қол ақшасыз төлемдерге көшу: шындықтар мен мүмкіндіктер» тақырыбы бойынша отырыс өтті.

Жиынға қатысушылар Қазақстанның ақшасыз емес экономикаға көшуі бойынша іске асырылған жобалар, онлайн-төлемдер үшін «Smart ұсыныстар» енгізу мәселелерді талқылады. Ақшасыз экономика көптеген мемлекеттердің ұлттық экономикасының айрықша ерекшелігі болып табылатын жаһандық дамушы үрдістердің бірі

(Интернет, ұялы телефондар және басқа да қолданылатын құрылғылар). Ол ақшасыз төлемдер цифрлық экономиканың бөлігі ретінде әлеуетті ашуға ғана мүмкіндік бермейді, сонымен бірге күнделікті өмірімізді қауіпсіз, ыңғайлы жасап, жеңілдетеді. Біздің еліміз барлық салада отандық экономиканы өзгертетін цифрлық экономикаға бетбұрыс жасады. Ұлттық банктің мәлімдемесі бойынша қолма-қол ақшасыз төлеу 60%-ға өсу керек. Бәрі тұрғындардың өздеріне және кәсіпкерліктің субъектілерінің қаржы сауаттылығына байланысты.



## АЛҒАШ РЕТ ЖҮРЕККЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛҒЫ ОРНАТЫЛДЫ



Қазақстандық кардиохирургтер командасы Чехия, Израиль, Италия және АҚШ серіктестерімен бірлесіп сымсыз қосалқы қанайналым құрылғысын имплантациялау бойынша бірегей операцияны сәтті өткізді.

Жүректің сол жақ қарыншасының көмекші құрылғысы адамға еркін қозғалуға мүмкіндік береді. Себебі сыртқа ешқандай кабельдер шығып тұрмайды. Бұл бірқатар асқынуларды бол-

дырмайды және өмір сүру сапасын едәуір жақсартады. Айта кету керек, бұл жағдай кардио-

хирургия тәжірибесінде алғаш рет болып, әлемдегі бірегей және жалғыз оқиға болды», – деді «Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы» АҚ Басқарма Төрағасы Юрий Пя.

Инновациялық құрылғы Израильде жасалған. Оның қызметі кәдімгідей кардиостимулятормен бірдей. Бірақ ешқандай сымдары жоқ. Соның арқасында еркін қозғалуға, саалауатты өмір салтын ұстануға толық мүмкіндік бар.

## ШЕТТЕН АЛЫНАТЫН ТАУАРЛАР ӨЗІМІЗДЕ ӨНДІРІЛЕДІ

Бұрындар шетелден импортталып келген 250 тауар бұдан былай өз елімізде өндірілетін болады. Бұл туралы ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Жәніс Қасымбек мәлімдеді.

Министрліктің түсіндіруінше, мата өндірісі, киім мен аяқ киім, тыңайтқыштар, лак бояулары, терезе, есік және жиһаз өндірісіне қолдау көрсетілмек. «Мемлекет басшысының тапсырмасымен бөлінетін 600 млрд. теңгенің 400 млрд. теңгесі өңдеу өнеркәсібіне бағытталады. Бұл қазақстандықтар күнде пайдаланатын шамамен 250 өнеркәсіп тауарларының өндірісін іске

қосуға мүмкіндік береді. Қазір ол тауарлардың 82% импортқа тиесілі», – деді Ж.Қасымбек Үкімет үйінде өткен баспасөз мәслихатында. Оның айтуынша, жаңа қаржыландыру аталған тауарлар бойынша импорт үлесін 50%-ға дейін азайтуға септігін тигізеді. Айта кетейік, 2018 жылдың 5-қазанында Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына арналған Жолдауында халық тұтынатын тауарларды елде өндіріп, «қарапайым заттар экономикасын» дамыту үшін кәсіпорындарымызға көмектесуді атаған болатын. Елбасы Үкіметке өңдеу өнеркәсібі мен шикізаттық емес экспортты қолдау мақсатымен алдағы 3 жылда қосымша 500 миллиард теңге бөлуді тапсырған-ды.

## СУДЬЯЛАРҒА ҚАШАНҒА ДЕЙІН ЕСКЕРТУ ЖАСАУҒА БОЛАДЫ?

Жоғарғы сот төрағасы Жәкіп Асанов судьялардың аймақтарда істі толық зерделемей, солақай шешім шығарып адамдарды қан қақсататыны үшін айыптады.



Оның айтуынша, өрескел заң бұзып, бұрыс шешім шығарған судья бізде жазаланбайды екен. Сондықтан, апелляциялық соттан үміті үзілген жұрт құжаттарын көтеріп, Жоғарғы сотқа ағылады. Асанов енді аймақтардағы судьялардың мәселесін майшаммен қарап, мықтап кіріспекші.

Апелляциялық соттың бетімен кеткені соншалық, қазылар шағымды көңіл-күйіне қарай қабылдауға көшкен. Аймақтағы судьялардың бұл бассыздығына Асанов ашулы. Апелляциялық сот арызды бүге-шігесіне дейін қарап бас қатырмайды. Жұртты Жоғарғы сотқа жүгіруге мәжбүрлейді дейді төраға. Сондықтан, кассациялық сот қарайтын іс қазір екі есеге көбейген.

Жоғарғы сот былтыр 450 үкімнің күшін жойыпты. Ал елімізде шешім шығарғанда

өрескел қате жіберген, заң бұзған судьялардың статистикасы жоқ. Асановтың айтуынша, кассациялық сот аймақтардағы судьялардың шалыс басқанын жасыратын көрінеді. «Әріптестер, естеріңізге сақтаныңдар, ешқайсыңызды аямаймыз. Судья деген атқа кір келтірсеңіздер сіздерді ешкім қорғамайды. Бас Прокуратура, ҰҚК, Жемқорлыққа қарсы бюромен бірігіп судьялар арасындағы жемқорлықты анықтаудың әдісін әзірлеп жатырмыз» – деді Жәкіп Асанов. Асановтың судьяларға шүйілуді бұл бірінші емес. Жоғарғы сот төрағасы қашанға дейін судьяларға «соңғы ескерту» жариялай бермек? Нақты қимылды қашан көреміз?..

## НЕСИЕСІ БАР АДАМ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ

Мұндай санаға сымалдың бірінші несие бюросы жасап отыр деп хабарлады Еуразия бірінші арнасы және өзге де ақпарат құралдары.

Олардың айтуынша, қазір жұрттың бір ғана тұтынушылық қарызы 6 трлн. теңгеден асып кеткен. Ал, оның ішінде мерзімі өтіп, төленбей қалған қаржының үлесі 14 пайыз. Демек, халықтың 3/1 бөлігі тапқан таянғанының тең жартысын несиеге төлеп жүр деген сөз. Сонда жұмысы жоқ адам несие қалай төлемекші? Жұмысшылардың құқығын қорғаушылар мұны еңбек кодексінің өрескел бұзылуы деп бағалап отыр.

Елімізде алдағы уақытта

қарапайым еден жуушы болып жұмысқа орналасудың өзі қиындамақ. Оған халықтың дер кезінде алған қарызын төлемеуі себеп болуда. Бірінші несие бюросының таратқан ақпаратына сенсек, борышкерлердің берешегі 23 трлн. теңгеден асқан. Оның басым бөлігі бизнес несиелер.

«Егер де халықта төленбеген несие жөнінде проблема болса, жұмыс іздеушіге екі қолға бір күрек табылмауы мүмкін. Материалдық жауапты орындарға қызметкер алар кезде, жұмыс берушілер үміткердің несие тарихына, тәртібіне міндетті түрде қарайды. Осы арқылы келенсіз оқиғалардың алдын-алғысы келеді» – дейді бірінші несие бюросының атқарушы директоры Әсем Нұрғалиева.

## ЕЛБАСЫ ӨРТ САЛДАРЫНАН ҚАЗА БОЛҒАН БЕС БАЛАНЫҢ АТА-АНАСЫНА КӨҢІЛ АЙТТЫ

Қазақстан Президенті Астана қаласындағы өрт салдарынан қаза болған балалардың ата-анасы мен туыскандарына көңіл айтты.

Астанада ауыр қайғылы оқиға болды. Өрт салдарынан бір отбасы бес бірдей перзентінен айырылып қалды.

Қаза болған балалардың ата-анасы мен туыскандарына көңіл айтамын.

Осыған байланысты мен Үкіметке және Астана

қаласының әкімі Бақыт Сұлтановқа зардап шеккендерге қажетті көмек көрсетуді тапсырдым.

Барлық өңірдің әкімдері құзырлы органдармен бірлесіп, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бақылауды күшейтуі керек, сондай-ақ тиісті тексерістер ұйымдастырып, халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуі қажет.

Мұндай жағдай қайталанбас үшін барлық тиісті шараларды қабылдаған жөн.



## МИНИСТР ӘБІЛҚАСЫМОВАНЫҢ АЙЛЫҒЫН 16 МЫҢ ТЕҢГЕ ЕТУ КЕРЕК...

**КӨП БАЛАЛЫ АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН МИЛЛИОНДАР ҚАЙДА, МИНИСТР ХАНЫМ?!.**



Еліміздің Астанасында тоқалтамнан өрт шығып, үйелмелі бес бала өртеніп кетті! Айтуға да қиын ауыр, қасіретті қайғы!

Бес баланың әкесі мәшине жөндеу шеберханасында күні-түні жұмысшы болып істейді. Шешесі пластикалық карта шығаратын зауытта түнгі ауысымда жұмыста болған.

Иә, әр қазақтың басында бар немесе болған жағдай: пәтеракы төлеу керек, бес баланы бағып-қағу, күнкөріс қамы, банкілерден алған несиені төлеу, яғни, қаржы жетіспеушілік! Бұл елордамыз Астанадағы жағдай! Ал Еліміз бойынша қаншама көп балалы отбасылар ауыр тағдыр кешіп жатқаны анық.

Өзге елдердегідей, мысалы алысқа бармай-ақ, көрші Ресейдегідей әр балаға қомақты қаржы берсе, біз секілді жері кең, халқы аз елдің демографиялық өсіміне үлкен серпіліс болар еді. Бізде қазір отбасының әр мүшесіне шаққанда табысы ең төменгі күнкөрістің (24459 тг-2017 жыл) 60 пайызынан төмен отбасыға әр балаға 2383 теңге (1,05 АЕК) ғана төленеді. Егер 24459 теңгенің 60 пайызы 14 675 теңге десек, онда екі балалы отбасының табысы 4 адамға шаққанда 58 701 теңгеден аспауы керек. Егер бұл отбасының табысы 60 мың теңге болса, онда ол екі балаға алатын 4

766 теңгеден (!) айрылады... Ал көп балалы отбасылардың 4-5 баланың бәріне алатыны 16 мың теңге емес, 10 мың теңге ғана! (16 мың теңге «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» иелеріне беріледі). Сонда бес баланың әрқайсысына шаққанда небәрі 2000 теңге ғана... Не деген «миллиондар», министр Мәдина Әбілқасымова ханым!?

Егер мына қапыда қаза тапқан бес балаға тиесілі он мың ғана теңгенің орнына әр балаға Ресейдегідей миллиондап емес, кемінде 30 мыңдай ғана төлегеннің өзінде, айына бес балаға 150 мыңдай теңге алар еді де, түнгі ауысымға жұмысқа шықпай-ақ, бала тәрбиесімен отырар еді-ау... Сонда бес бала — болашақ бес отбасы, бес ауыл аман қалар еді...

Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі Мәдина Әбілқасымова тіпті «Алтын Алқа», «Күміс алқа» иелерінің барлық баласына ай сайын алатын 16 мың теңгесін ауыз толтырып айтып, «Көп балалы аналар мемлекеттен бірнеше миллион теңге жәрдемақы алады, ешбір ел аналарға мұндай жасамаған» деп, бүлктетпей соғып отыр... Иә, Қазақтың тілін білмейтін — Қазақтың тірлігін білмейтін, бірақ Қазақ министрі болып отырған (бізден басқа бір елде болмайтын парадокс) Мәдина ханым тура солай деп ресми мәлімдеме жасады.

Бұған елдің, әсіресе, көп балалы аналардың ашуы келіп, «Министр Әбілқасымова орнын босатсын», «Әбілқасымова кет!» деп, әлеуметтік желіні шулатып жатыр. Бізде орнын сақтап қалу үшін бұлай «өтірікті шындай, ақсақты дыңдай» ететіндер таң емес, жетіп артылады...

Негізі осы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрінен бастап, бар шенеуніктердің айлығын 16 мың теңге жасамай, жақсылыққа жари қоймаймыз-ау деймін...

Алды 13-ке де толмаған, арты 3 айлық бес қыздың түнде де ақша табуға кеткен әке-шешелерінің жолына қарап, бір-бірін құшақтап жатып өртеніп кетуі не деген ауыр қайғы еді?! Бес қызғалдақ бір сәтте бүршік жармай жатып-ақ өртке оранды!.. Айдың-күннің аманында, Астананың ортасында!! Өртенген үйіндіде балалардың сол күні ұйықтар алдында алаңсыз ойнаған ойыншықтары ғана шашылып жатыр... Әлеуметтік желіде әлеумет күңіреніп кетті!.. Кеңшілік Тышқанұлы, Мұрат Шаймаран, Асхат Кәукер, Мейіржан Әлібек секілді ақындар жырмен жоқтау айтуда...

Қайғылы отбасыға көңіл айтып, періштелердің жаны пейіште болғай дейміз!

Қазыбек ИСА

## БЕС БАЛАСЫ ОТҚА ОРАНҒАН ОТБАСЫНЫҢ ҚАРЫЗЫН КЕШІРГЕН КАСПИЙ БАНККЕ МЫҢ АЛҒЫС!

**КАСПИ БАНК-ТЕН БАСҚА БАНКТЕР ДЕ ҮЛГІ АЛАДЫ ДЕП ҮМІТТЕНЕМІЗ**

Астанадағы өрттен қаза тапқан бес сәбидің қасіретті қайғысына бүкіл ел күңіренуде. Бүгін Астанада бес періштені пейішке шығарып салуға жүздеген адам келіп, жаназасына қатысып, қоштасты.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев ауыр қайғыға душар болған отбасыға көңіл айтты. Ал бүгін журналистермен кездескен Еңбек және әлеуметтік қорғау вице-министрі Светлана Жақыпова министр Мәдина Әбілқасымованың ауырып жатқанын айтты...

Бес баласынан айрылған Ситер отбасының 4 банкіден несие алғаны белгілі болуда. Сондықтан да, әке-шешесінің күндіз-түні жұмыс істегені түсінікті. Ал бес балаға мемлекетіміздің беретін жәрдемақысы — Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі Мәдина Әбілқасымова айтқандай, миллиондар емес, бар болғаны 10 мың теңге ғана!

КАСПИ БАНК басшылығына мың рахмет! Олар әлеуметтік желіде Ситер отбасына тиесілі банкіден алған несие қарызын кешірілгенін мәлімдеді. Сонымен қатар бұл ешқандай пиар емес, ауыр қайғылы отбасына қол ұшын созу екенін жазды. Жауына тілемес ауыр қасіретті қайғыға душар болған отбасыға адамгершілік жасап, имандылық көрсеткен банк ұжымына, басшысы Михаил Ломтадзе мырзаға Алла риза болсын дейміз! Қазір елдің ең қолайлы банкісіне айналып келе жатқан банк өз эмблемасындағы «Ана мен бала» бейнесін ақтады!

КАСПИ БАНК-тен басқа банктар де үлгі алады деп үміттенеміз.

qazaquni.kz

## ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ МЕ, ӘЛЕУМЕТТІ ҚОРЛАУ МИНИСТРЛІГІ МА?!

**ТҮНГІ ЖҰМЫС АТА-АНАЛАРДЫҢ ТАҢДАУЫ ЕМЕС, МӘЖБҮРЛІК, ВИЦЕ-МИНИСТР СВЕТЛАНА ЖАКУПОВА!**



«Әндіжанда бір әпкем бар, бұдан да өткен сорақы» — деген сөз өмірден алынғанына анық көзіміз жетіп отыр...

Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі Мәдина Абылқасымова: «Көп балалы аналарға миллиондап қаржы берудеміз» деп, әр балаға төленетін 2 мың теңгені қандай арифметикамен көбейтіп отырғанын өзі де білмей, елдің қатты наразылығына душар болғаны таяуда ғана еді... Енді міне, вице-министрі Светлана Жакупова журналистердің «Көп балалы аналар неге түнгі жұмыс істеуге мәжбүр» — деген сұрағына: «Это их выбор» (Бұл олардың таңдауы) деп былш еткізді! Сонда тірідей өртке оранған бес баладан айырған түнгі жұмысты беймезгіл қаза тапқан бейкүнә періштелердің анасы өзі таңдап алды ма, вице-министр Светлана Жакупова?!.

Түнгі жұмысқа көп балалы аналар жетіскеннен шығып жүр ме? Мемлекет әр балаға қазіргідей 2 мың теңге емес, 20-30 мың теңге төлесе, бес балаға 100-150 мың теңге алған анасының түнгі жұмыста

атасының басы бар ма, вице-министр ханым?! Түнгі жұмыс ата-аналардың таңдауы емес, мәжбүрлік, Светлана Жакупова! Бұлай халықты қорлауға бола ма? Сонда, бұл Әлеуметтік қорғау министрлігі ме, әлде, Әлеуметтік қорлау министрлігі ме?!

«Бұл біздің таңдауымыз емес!» — деген ел әлеуметтік желіде әлеуметтік қорғау министрлігін сойып жатыр министрі мен вице-министрін қосып. Иә, неге елмен тығыз жұмыс істейтін министрлікке елмен қалай сөйлесуді білмейтін, адамгершілік пен имандылықтан жұрдай, Қазақ тілінің нәрін — Қазақ тірлігінің барын сезбейтіндерді жинап алады? Тап бір аукцион арқылы осындай халықтың ызасын тудыратындарды дәйірі іріктеп алатын секілді біздің үкімет!

Қысқаша айтқанда, Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігін Мәдина Абылқасымова мен Светлана Жакуповадан бастап, тазарту керек!

Қазыбек ИСА  
qazaquni.kz

Азат ПЕРУАШЕВ:

# ЖАСТАРДЫ БАСПАНАМЕН ҚАМТУҒА КҮШ САЛУЫМЫЗ ҚАЖЕТ

Жұмыс сапарымен Қостанайға келген «Ақ жол» партиясының жетекшісі, Парламент Мәжілісінің депутаты Азат Перуашев «СарыарқаАвтоПром» және «АгромашХолдинг КЗ» кәсіпорындарының еңбек ұжымымен кездесті.

«Сіздер оқушы я болмаса студент емессіздер, сол себепті дәріс оқымай-ақ қояйын. Ашық сөйлесек деп едім. Сұхбатымыз сіздердің сауалдарыңыз бен менің жауабымнан тұрсын», — деп бастады өз сөзін Перуашев. Және оны жергілікті автокөлік құрастырушылар да бірден қолдады.

Әңгіменің басы пәтерлер мен оның жастарға қолжетімсіздігінен басталды.

«2019 жыл жастар жылы болып жарияланды. Осыған орай жас мамандарға арналған қолжетімді баспана бойынша ұсыныс енгізсек деп едік. Бүгінде «7-20-25» бағдарламасы бар, алайда, өкінішке қарай, ол барлығы үшін қолжетімді емес. Тұрғын-үй алу үшін пәтер бағасының 20%-ын жинақтау керек. Бірақ қысқа мерзімде қажетті сомада ақша жинауға көбісінің мүмкіндігі жоқ», — деді Меруерт есімді жас қыз.

«Шынында, кейбіреулер үшін 20% алдын-ала төлем жасау өте қиын. Дегенмен, бірқатар облыстарда, мәселен Шымкентте, алғашқы 10% бастапқы жарнасын

жас мамандарға әкімдік берген. Бұл өте жақсы тәжірибе. Өткен жылдың қыркүйек айында біз «7-20-25» шеңберінде жастар үшін бастапқы жарна мөлшерін 10% ету жөнінде арнайы депутаттық сауал жолдаған болатынбыз», — деп атап өтті Перуашев. — Ал, екінші бір мәселе — бұл несиеге белшесінен батқан халық. Бұдан басқа, тағы бір жәйт, бағдарламаның критерийлеріне сай келетін тұрғын-үйдің өзі тапшы».

Алайда, Азат Перуашевтің айтуынша, соңғы мәселені шешуге болар еді — егер жатақханалар мен шағын өлшемді пәтерлер салынса.

«Мен Қостанайдағы жағдайды біле қоймаймын, бірақ Астана мен Алматы қалаларында бір уақытта 150-200 шаршы метрлік пәтерлерді тұрғызған еді. Сәйкесінше, оның құны да шарықтап кетті. Оған сұраныс болмады. Сондықтан, 30, 40, 50 шаршы метрлік, ең жоғары дегенде 70 шаршы метрлік ауданды құрайтын пәтерлер тұрғызу қажет», — деп «Ақ жол» партиясының төрағасы өз пікірін білдірді.

Сонымен қатар, өңірдегі фили-

ал өкілі Дастан Жұмабаев қымбат қызметтік автокөліктер мәселесін қозғап өтті.

«Президент шенеуніктерді отандық автоға көшуге үнемі шақырады. Тіпті, аудан әкімдерінің өзі құны 30-40 миллион теңгені құрайтын «Ленд Крузер 200» көлігін мінеді. Шенділер Қостанайда құрастырылатын «SsangYong» нашар тас жолдардың кесірінен не бәрі 3-4 жылға ғана шыдайды деп өздерін ақтайды. Әйткенмен, біз отандық өндірушілерге демеу көрсетуіміз керек емес пе?!» — деді Перуашев. Депутаттың сөзіне сүйенсек, көптеген министрлер мен өңір әкімдері қазақстандық көліктерге көшкен. Бірақ, жол талғамайтын қымбат автокөлік айдап жүрген бастықтар да бар.

Бұл орайда, «Сарыарқа-АвтоПром» ЖШС-ның техникалық даму бойынша директорының орынбасары Сергей Могилатов «JAC» және «SsangYong» автомобильдерін бірнеше жылдар бойы жергілікті кәсіпорындар пайдаланып жүр және олардан ешбір шағым түскен емес», — деп өз ойын білдірді.

Кәсіпорынның жұмысшыларымен өткен сұхбаттан соң Азат Перуашев цехтарды ара-



лап, өнімдерімен танысты. Барша келген азаматтардың әсіресе Hyundai, атап айтсақ — SantaFe, Tucson және Accent көліктері аса қызығушылығын тудырды. Бұдан кейін зауыт қонақтары «Агромаш-Холдинг КЗ» АҚ цехына барып, Essil брендідегі комбайндар қалай құрастырылатынын өз көздерімен көрді.

«Сіздер бұрын соңды Қазақстанда болмаған өндірісті шығарып отырсыздар — бұл үлкен жетістік. Өз еңбектеріңізбен жана Қазақстанды құруға атсалысудасыздар. Ел экономикасының

10-20 жылдан соң қалай болатыны сіздерге байланысты. Мен әрбіріңізге өз алғысымды білдіргім келеді», — деп Перуашев зауыт ұжымына разылығын білдіре отырып, олардың импорттық автоөнеркәсіпке айтарлықтай бәсекелес бола алатынын атап өтті. Сондай-ақ, депутат өткен жылы ең ірі институционалдық инвестормен маңызды келісімшарт жасасқанын айтып басшылықты құттықтады.

«Ақ жол» депутаттарының өңірлердегі сайлаушылармен кездесу іс-сапары жалғасуда.

## ҰН ӨНДІРУ КӘСІПОРЫНДАРЫ ЗАҢДЫҚ ҚОЛДАУ КҮТЕДІ

«Ақ жол» фракциясының депутаты Берік Дүйсембинов Қостанайдағы ең ірі ұн тарту кәсіпорыны «Атамекен-Дос» ЖШС-да болып, компанияны алаңдатқан мәселелермен танысты. Кездесуге Қазақстанның Ұлттық Индустриалдық палатасының вице-президенті Болат Өтепбаев және партия филиалының басшылығы қатысты.

«Ақжолдық» депутатпен өткен кездесуде «Атамекен-Дос» компаниясының директоры Аскар Жабаев еліміздегі ұн тарту өнеркәсіптеріндегі бірқатар мәселелерді атап айтып, ұн өндірушілерге арналған тиімді бағдарламалардың жетіспеушілігі және Қазақстаннан шетелге экспорттауға кедергі болып отырған көршілес елдердің өндірушілерімен өзара бәсекелестік жөнінде баяндап берді.

«Қостанай — астық өлкесі. Сондықтан, біздің алғашқы сапарымызды дәл осы кәсіпорыннан бастап отырғанымыз заңды. Дегенмен, «Ақ жол» фракциясы ұн және ұн өндірісі саласына қатысты бірнеше өзекті мәселелерді көтеріп, үкіметке сауалдар жолдаған болатын. Шұрайлы жеріміз бен астық елі деген абырой-беделге ие бола тұра мұндай кәсіпорындарының жабылуы — үлкен олқылық. Бір жылдың ішінде Қостанай облысында 18 өндіріс орны жабылып қалған. Бұл — Қазақстан үшін трагедия. Біз заңдық тұрғыдан қолдау көрсетуге тиіспіз және біздің компаниялар



ел игілігі жолында жұмыс істеуі үшін демеу білдіруге міндеттіміз», — деді Берік Дүйсембинов.

Осы орайда «Атамекен-Дос» ЖШС директоры А.Жабаев өзбек елінің біздің астықты сатып алатынын және ол елде ұн өндірушілерге арнайы жеңілдіктер берілетінін, оның үстіне транспорттық тарифтері де жеңілдетілгенін айта келіп, Қазақстанда бұл артықшылықтар қарастырылмағанын жеткізді.

«Ал, бізге бірінші астықтан ұн өндіріп, кейін оны шекараға дейін тасымалдау қымбатқа түседі. Мәселен, өнімді Өзбекстан арқылы Ауғанстанға жеткізу қаншама шығынды талап етеді... «Өндіріс» мемлекеттік бағдарламасы өте жақсы еді. Ол біз үшін қолайлы болатын. Біз б пайыздық мөлшерін төлейміз, бір жылда бір кәсіпорын үшін төлем лимиті 1,5 миллиард. Қазір соны тандап отырмыз. Енді, ли-

мит мерзімі аяқталды, әрі қарай оны жаңарту мүмкін емес болып тұр. Ал, «Бизнестін жол картасы — 2020» бағдарламасы бойынша барлық ақпарат қолжетімді әрі ашық емес. Мысалы, көптеген қаржылық сұрақтарға жауапты бірден ала алмайсың, тек операторлар арқылы ғана. Кедергілер де жетерлік», — деп мәлімдеді компания басшысы.

Аскар Жабаев халық қалаулысынан заңнамалық тәртіпте көршілес елдерге экспорттаудың лимитін енгізуді сұрады. Оның пікірінше, лимит енгізу өзара бәсекелестік жағдайында ұн өнімдерін экспорттаудың даму қарқынына он әсерін береді.

Депутат Дүйсембиновтің Қостанай облысы бойынша өңірлерге жұмыс сапары жалғасуда.

«Ақ жол» партиясының  
баспасөз қызметі



## АҚТӨБЕЛІК АРДАГЕРЛЕР «АҚ ЖОЛҒА» АЛҒЫС АЙТТЫ

Ақтөбе қаласындағы «Атамекен» демалыс орталығында Парламент Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» партиясының мүшесі Дания Еспаеваның Ақтөбе қаласындағы сайлаушыларымен кездесуі болып өтті.

Кездесуге 30 шақты сайлаушы жиналып, өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, ойларымен бөлісті. Басқосу барысында, «бірыңғай төлем салығы» (халық арасында жұмыссыздар салығы), зейнетақы мәселесі, мұғалімдер мен ауылшаруашылығы қызметкерлерінің беделін көтеру сияқты т.б. мәселелер сөз болып, қызу талқыланды. Депутат Еспаева көтерілген мәселелерге толық жауап беріп, шешілу жолдарын түсіндірді.

Ақтөбе облыстық Қарғалы елді мекенінің тұрғыны, Алматы ауданы Ардагерлер ұйымының төрағасы, Е.Бердібеков, алдыңғы кездесуде көтерген мәселелерінің оңды шешілгенін айта келіп, шешілуіне қосқан үлесі үшін «Ақ жол» фракциясының депутаты Дания Еспаеваға ардагерлердің алғысын жеткізді.

## «МӘМІЛЕ» – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ МЕНҒЕРУ КЛУБЫ

Әдетте «орыс тілді» саналатын Қарағанды қаласындағы Достық үйінде «Мәміле» қазақ тілі клубы ашылып, өз жұмысын бастап кетті.

Мұнда барлық ниет білдірушілер келіп, өздерінің мемлекеттік тілді үйренудегі машықтарын дамыта алады. Клубқа мүше ретінде тіркелу тегін және ұлтына немесе жас шамасына ешқандай шектеу қойылмайды. Клубта қазір

қазақ, орыс және өзге де көптеген ұлт өкілдері тіркелген. Тілдер ресурс орталығының директоры Гүлнәз Мұстағұлованың айтуынша, клубты ашуға «Ситуативті қазақ тілі» атты оқулықтың авторы Қанат Тасыбеков бастамашы болған. Қанат Тасыбеков өз тәжірибесі бойынша қазақ тілін үйренудің авторлық әдістемесін құрған. Бір ерекшелігі, «Мәміле» клубында кітаптар, дәптерлер міндетті емес және

грамматиканы жаттау болмайды. Оның орнына қазақ тілінде түрлі қызықты әңгімелер мен ойындар ұйымдастырылады. Бұл бұрынғы қалыптасқан әдіске қарағанда анағұрлым ұтымды және тілді игеруге жеңіл соғады. Өйткені, үйренушілер өзін еркін сезінеді, оған қоса тартымды да қызықты. Әрбір жексенбі сайын аптасына бір рет Достық үйінде жиналатын клуб мүшелерінің саны арта түсуде.



## ЕЛШІ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ БІЛДІРДІ

**Жапония Елшісі Тацухико Касаи қазақ тілін үйренуге ден қойды. Бұл туралы Елші Ақордада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа сенім грамотасын тапсырғаннан кейін айтты.**

«Мен үшін Қазақстандағы дипломатиялық миссиямның басталуы зор құрмет әрі қуаныш. Жапония мен Қазақстанның тарихи үлкен қарым-қатынасы бар. Осы уақыт аралығында елдеріміз барлық саладағы жан-жақты

қарым-қатынасты дамытты. Елші ретіндегі менің миссиям – осы қарым-қатынасты одан ары дамыту және оған бар күшімді саламын», – деді Елші БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында. Сонымен қатар Тацухико Касаи қазақ тілін үйренуге ден қойып жүргендігін де атап өтті. «Қазақстанды, қазақ халқын, өркениеті мен салт-дәстүрін жете түсіну үшін қазақ тілін үйренгім келеді. Қазіргі уақытта тіл үйренумен айналысып та жүрмін», – деді ол. Айта кетейік,

сенім грамотасын қабылдау рәсімінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Жапониямен жан-жақты диалогты дамыту Қазақстан сыртқы саясатының басым бағыттарының бірі екендігін атап өткен болатын. «Біз жапондық компаниялардың Қазақстан нарығына атсалысуына мүдделіміз, барынша жағдай жасауға дайынбыз. Оған екі елдің арасында тікелей әуе рейстерін ашу зор септігін тигізеді», – деген еді Мемлекет басшысы.



## КӘСІПКЕРДІҢ БАҒАЛЫ БАС- ТАМАСЫ

**Шұғылалы Шығыс орталығы Өскемен қаласының кәсіпкері Ярослав Кушнарев қазақ тілін оқыту курстарын ашып, мемлекеттік тілді меңгеремін деп ниет білдірушілердің басын біріктірді.**

Қазақ тілін оқыту орталығын ашу идеясы кәсіпкерге кездейсоқ келмеген екен. Бизнесменнің айтуынша – мемлекеттік тілді меңгеру әрбір тұрғынның міндеті. «Осындай ниетпен қазақ тілін меңгергім келді, бірақ тиімді курстар таба алмаған соң өзім ашуды шештім. Алдымен әлеуметтік желілерде сұрау жүргіздім, қызығушылық білдіргендер көп болды. Бәрін жан-жақты ойластырып, сосын бір шешімге келдім. Жоба құрып, оқытушыны таптым, онымен бірге оқыту бағдарламасын дайындадық, жалға бөлме алып, оған жиһаз, кеңсе заттарын, оқулықтар сатып алдым. Сөйтіп жұмыс басталып кетті. Айта кетейін, біздің оқытушымыз – тәжірибесі мол, білікті пе-

дагог, университетте қызмет еткен, облыс орталығының ірі кәсіпорындары үшін оқыту бағдарламасын әзірлеген», – дейді «Қазақ Зерде» ЖШС-нің негізін құраушы Ярослав Кушнарев. «48 сағатта базалық қазақ тілі» курстары үш ай бұрын басталған. Әзірге оған 15 адам барып жүр. Әр топтың 4-5 тыңдарманы бар. Қазақ тілін меңгеруге ниет білдіргендердің басым бөлігі – орыс ұлтының өкілдері. Олардың жасы - 27-40 аралығында. Бизнесменнің айтуынша, бұл негізінен, өзі сияқты кәсіпкерлер. Топтарды құрмақ бұрын, Ярослав оқытандардың қазақ тілін білу деңгейін, оған тілді меңгеру не үшін қажет екенін және курстарға қай уақытта қатысу ыңғайлы екенін анықтаған. Курстарға қатысушылардың көбісі бастапқы деңгейде, яғни, ең бірінші сөйлеу тілін меңгергісі келетіндер. Одан әрі тілді толық үйренуге талпынғандарға да мүмкіндік бар. Мұндағы сабақтар аптасына екі-үш рет екі академиялық сағаттан өткізіледі.



## БАЛАБАҚШАЛАРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БАҒДАР

**Бұрындар орыс тілі басымдықта болған Павлодар облысында тағы бір ауданда балабақшалар қазақ тіліне көшіріле бастады. Атап айтқанда, Аққулы ауданының Ямышев ауылындағы «Болашақ» балабақшасы биылғы жылдың қыркүйек айынан бастап таза қазақ тілінде тәлім-тәрбие беретін болды.**

Былтырдан бастап бұл бағытта нақты жұмыс жүргізіліп келеді. Балабақшадағы орыс тілді тәрбиешілер арнайы оқыту курстарынан өткен. Қазір орыс тілді топқа аптасына бір рет қазақ тілінен сабақ өткізіледі. Балабақша топтағы балалардың жас ерекшелігіне сай жиһаздармен қамтамасыз етілген. Әрі мұнда балақайлардың әртүрлі тапсырмаларды орындауы үшін толық жағдай жасалған. Қосымша ағылшын, тіл дамыту, сауат ашу секілді пәндер

оқытылады. Ән-күй, дене тәрбиесімен айналысатын арнайы залдар жұмыс істеп тұр.

Қазіргі уақытта мұнда әрқайсысында 25 баладан қазақ және орыс тілдерінде тәрбиелейтін екі топ жұмыс істейді. Олардың арасында әртүрлі этнос өкілдерінің балалары бар. Аудандық білім беру бөлімі тәрбие және оқыту бөлімінің әдіскері Салтанат Оразалинованың айтуынша, аудандағы алты балабақшадағы 1-6 жас аралығындағы балғындардың саны – 370. Сондай-ақ, 18 шағын орталық бар. Мектепке дейінгі мекемелерде білім беру жүйесінде 95 педагог-тәрбиеші еңбек етуде. «2018 жылдың қыркүйек айынан бастап топтарда қазақ тілі пилоттық режимде енгізілді. Ата-аналармен жиналыс өткізілді. Қазіргі таңда осы аралас балабақшадағы өзге ұлт өкілдері балаларының арасында жақсы нәтиже байқалып келеді», – дейді Салтанат Ора-

залинова. Облыстық білім беру басқармасының мәліметіне сүйенсек, мектепке дейінгі білім беру жүйесінде 422 мектепке дейінгі ұйымның 175-сы – балабақша, 247-сы – шағын орталық. Қазақ тілінде оқытатын мектепке дейінгі ұйымдар саны өткен жылмен салыстырғанда 24 бірлікке артып, биылғы жылы 257-ге жеткен. Оның ішінде шағын орталықтар – 189, балабақшалар – 68. Өткен жылмен салыстырғанда қазақ тілінде тәрбиелейтін және оқытатын топтардың саны – 102-ге көбейген. Облыс бойынша Баянауыл және Май аудандарында балабақшалар 100 пайыз мемлекеттік тілде білім беруге көшкен.

Еске сала кетейік, Павлодар облысының әкімі Болат Бақауов осыдан екі жыл бұрын өңірдегі барлық балабақшаларға мемлекеттік тілдегі тәрбиені енгізуді ұсынған болатын.

## ТЕГІН ОҚЫП ҮЙРЕНУГЕ БОЛАДЫ

**Елорданың кез келген тұрғыны жасы мен ұлтына қарамастан қазақ тілін тегін оқыту курстарына жазыла алады.**

Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы, «Руханият» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2019 жылы елордалық ересек тұрғындарға қазақ тілін қарапайым деңгейден жоғары деңгейге дейін меңгеру бойынша тегін оқыту курсына жазылу басталғанын хабарлады. Ведом-

ствода мәлімдегендей, қазақ тілін меңгеруге арналған тегін курстар 2019 жылдың қаңтар-қараша айларының аралығында қаланның төрт ауданындағы оқу залдарында оқытылатын болады. Курс барысында тыңдаушылар қажетті оқу және көрнекі құралдарымен қамтылады. Курсқа жазылу және өзге де сұрақтар бойынша +7 (7172)77-93-37 байланыс нөміріне хабарласуға немесе ruhaniat@gmail.com электрондық поштасына хабарлама жолдауға болады.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» проблемалық мақаласы, одан кейінгі «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы, «Елім, жерім, Қазақстаным» деп еміренген патриоттарына қуаныш сыйлап, рухани күш-жігерін қанағаттандырып дүр сілкіндірді. Біз Елбасының осы сөзін, осы идеясын күтіп едік. Демек, осы саясатты іске асыру үшін Президент 27 жыл толғаныста жүрген болар. Асығыстық етсек апатқа кетесің. Көп ойланып, көп толғанып, ішкі сыртқы факторды есепке ала отырып алға жылжу қажет болды.

Рухани жаңғыру бағдарламасын ұсыну оңай дүние емес екенін сезінеміз. Тәуелсіздік алған кездегі кедергілер де, кең ойланып шешетін мәселелер де мол болды.

Олар:

1. Кеңестік идеологиямен уланған халықтың (ұлтына қарамай) саяси таным түсінігін, түйсігін өзгерту;

2. Жаңа нарықтық экономикаға бейімдей отырып, жаңа саяси идеологияны енгізу, сіңіру, үйрету, шығармашылықпен игеру;

3. Кеңестік режим кезінде халық қорқыныш пен үрейде өмір сүрді. Сол режимнен кеткені 27 жыл болса да халықтың сана-санынан әлі де толық арыла қойған жоқ. Оның да өз себебі бар...

4. Үрейде өмір сүрген халықтың әлеуеті төмен, жаңа қоғамды алып жүріп кететін адами капитал нашар, сапасы қуатсыз, рухы өлген. Тек қана өлместің күнін көріп бір тілім нан үшін күресті. Халықты осы үрейден арылтуға уақыт қажет болды.

5. Одақ күйрегеннен кейін Ел экономикасы құрдымға кетті. Тоналды, құлады, құлдырады. Осы экономиканы бірінші кезекке қойып еңбек еткенімізге 27 жыл болды. Елбасының шебер ұйымдастырушының арқасында экономикамыз аяқтан тұрды.

Саясаттың шебер зергері Елбасымыз осыған дейінгі 27 жыл бойы «Бір халық, бір ел, бір тағдыр» деген ұстанымды халықтың зердесіне қондырды. Нәтижесінде еліміз өзінің жеке дара сувернитеті бар, тұлғалы мемлекет болып қалыптасты. Әлемнің саяси аренасында «Қазақстан» деп аталатын жас мемлекет бейбітшіліктің, ынтымақтықтың, адами гуманизмнің символындай елестеп, бақыт пен баяндылықтың бесігіндегі түсінік қалыптастырды.

Біз көршілерімізді де, мұхиттың ар жағындағы алпауыттарды да дос санадық. Осылар өкпелемесін, осылардың қабағына кірбің ұяламын деп бәрі бердік. Ниетіміздің кендігінен сұрағанын бере отырып, өзімізде ептеп көтеріліп, экономикамызды бір ізге салдық. Берген қолым алаған. Осылайша сыртқы достарды да, бір жолға қойып алдық. Оларды сенім құндағына бөледік. Осылайша алыс, жақындағы елдермен бейбіт, қатар өмір сүріп саяси кем-кетігімізді түзеп алдық. Бұған дейін осы аралықта экономиканы алдыңғы кезеңге қойып, ел экономикасын көтердік. Адами капиталдың сапасы бұдан 27 жыл бұрынғы деңгейінен көтеріліп жаңа сапаға ие болды. Бұл уақытты игергеннің күесі. Уақыт пен кеңестіктің осынау ұштасқаны жайлы мүмкіндігін пайдаланып, енді рухани құндылығымызды көтеретін уақыт келгенін Елбасы нысанаға алып, көп жыл бойы ойлаған мақсатын алдымызға жайып салды.

Елбасы бұдан бұрын жариялаған Бес институттық реформасында «Реформаның мәні

— ұлтты жаңғыртуда. Ұлттың сапасы, халық рухының күшінде...» дегенді. Көріп отырсыздар, Елбасы сондағы айтқан философиялық тұжырымын «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты танымдық, әдіснамалық мақаласында тереңдетіп, іс жүзінде қолдану функцияларын көрсетіп берген.

Мақаланың түпкі мақсаты: Қазақстан халқы біртұтас ұлт болып қалыптасу. Ол үшін ең әуелі бұқаралық сананы өзгерту, ада-

жағалаудағы маяктай ғылыми-әдістемелік және саяси жол көрсетіп тұр.

Тарихи сана сезім дегеніңіз сонау есте жоқ ежелгі дәуірден бермен қарай ұлтымыздың жасаған тарихи құндылықтарын ұрпақтың жадына сіңіріп, содан алған рухани қорегін ел мүддесіне арнайтын ұлы күш, баламасы жоқ қуатты энергия.

Біз бірнеше мыңжылдықтар бойы жасаған тарихы бар халықпыз. Тарихты жасап ғана тынған жоқпыз. Жер шарының қақ жартысына қожалық еткен халықпыз. Ежелгі Ғұн, Көк Түрік, Жошы-Қыпшақ империясы соның айғағы. Әлемдік деңгейде басқалардан қалыспай, мәдениет жасап, сол мәдениетімізбен әлемге әсер еткен халықпыз. Бұған дәлел: жартылай

біздердің алдымызға қойылып отырған міндет. Елбасы осы өктемдіктерден құтылатын жолды көрсетіп берді. Қолдау министрліктердің басшыларына сын, жасай алмасак ғалымдар бізге серт. Осылайша, измдерден тазаланып халықтың өзі жасап кеткен тарихын өзіне қайтаруымыз керек. Сондай жағдайда біздің халық өз тарихына менсінбей қарау, үрке қарау көзқарастан айырылады.

«Ұлттық жаңғыру» мақаласы жарияланғаннан кейін латын алфавитіне қол создық. Көп жұмыстар атқарылды. Сонда да осы алфавит хақында айта беру, насихаттай беру қажет болып тұр.

Алфавит дегеніміз аса қуатты, күрделі саясат. Кезінде Көк Түрік империясы бір ғана

Бізде мереке көп, демалыс көп. Соларды ыңғайына қарай пайдалана білуіміз керек сияқты.

Басқасын айтпағанда үш үлкен мереке бар:

1. Жаңа жыл. Бұл мереке өз межесінде өткізіліп келеді. Кейде асып төгіліп шектен шығып кетіп жүрген жағдайы бар.

2. Тәуелсіздік мерекесі: Бұл қастерлі мерекемізді қасиетті мерекеге айналдыру мәселесі тұр. Бүгінгі жағдайда жаңа жыл мерекесінің көлеңкесінде қалып халық тәуелсіздіктің күдіретін сезіне алмай жүр. Сондықтан қазан, қараша айларына ауыстыру керек сияқты.

Мемлекет тарапынан берілетін мемлекеттік марапаттар, барлық сый-сияпат осы мереке қарсаңында берілсе...

3. Наурыз мерекесі.

# БҰҚАРА АЛДЫҚ ЖАҢҒЫРТУҒА



**Қаржаубай САРТҚОЖАҰЛЫ**  
**Л.Н.Гумилев атындағы**  
**Еуразия ұлттық университеті**  
**Түрік, Алтайтану**  
**ғылымизерттеу орталығының**  
**директоры, филология**  
**ғылымдарының докторы,**  
**тарих ғылымдарының**  
**кандидаты, профессор**

ми капиталды сапаландыру, оны рухани жаңғырту. Елбасының мақаласы газет бетінен орын алғаннан кейін құптаған, қолдаған, қуанған ұсыныстар айтылды. Әлі насихаттала беретін болады.

Кешікпей биылғы жылы Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы жарық көргеннен бергі бір айдың ішінде баға беріп баптаған, ұлтын ұлықтаған ондаған мақала жарық көрді. БАҚ-дың барлық мүмкіндіктерімен насихатталып жатыр. Сол дуалы ауыздардан шыққан дұғалы сөздер, айтылған ұсыныстар халықты бір серпілтіп тастады.

Мақала жақсы насихатталып жатыр. Ерекше айтарым Елбасының бұдан бұрын жариялаған «Болашаққа бағдар. Рухани жаңғыру» мақаласының тікелей жалғасы. Осы мақалаларда айтылған әр ой, әр сөз бүкіл халықтың, келешегімізді жалғастырушы бүгінгі ұрпақтың тарихи сана-сезімін қалыптастыруға даңғыл жол ашты. Елбасының әр сөзі ұлы мұхитта жүзіп бара жатқан кемеге бағдар көрсетіп тұрған

көшпелі, жартылай отырықшы мәдениет қалыптастыру; мал шаруашылығын игерудің әлемдік модулін жасау; өзін қорғану қарулары, далалық соғыс тактикасымен стратегиясын қалыптастыру; Жылқыны қолға үйретіп, әлем халқын атқа қондыру, әлемнің көркем сурет (живопись) өнеріне аң өрнегін (звериный стиль) енгізу; түркі этносының өз өкілі байырғы түрік бітігі әлем ой-санасының алтын қорына енгізу деген сияқты мындаған жаңалықтарды әлем өркениетіне қосқан халықпыз.

Алтын Орда заманында француз саудагері Марко Полоға «егер сіз Қырым түбегінен Бейжіңге дейін баратын болсаңыз жаныңызда қайткен күнде бір қыпшақ азаматы болсын. Қыпшақ тілі осы кеңістікте бірінші тіл» деген. Бұл сөз біздің қыпшақ тіліміз немесе қазақ (татар, башқұрт, гагауз, ноғай т.т.с.с.) тіліміз орта ғасырда бүгінгі ағылшын тілінің деңгейінде болғанын дәлелдейді.

Біз мемлекеттілікті қайта жаңғыртып, жаңа тұрпаттағы мемлекет құрдық. Бейнелеп айтсақ жаңа тұрпатты Ордамызды тұрғыздық. Мемлекетшілдік түсінік, рухпен халқымызды қаруландыру қажет болып тұр. Ол дегеніңіз бейнелеп жеткізсек, Ордаға кіріп барғанда жаныңызға, сезіміңізге ерекше күш беретін аура қалыптастыру деген сөз. Сіздің сұрап отырған рухани-мәдени дербестік деген осы болмақ.

Біз Кеңестік 70 жылда өз тарихымыздан айырылып қалған едік. Тарихи сана-сезіміміз адасып қайдағы бір измдердің дұғасына байланып тарихи санамыздан айырылды. Кеңестік кезеңде еуроөктемдік, ресейлік өктемдік идеологияның жетегінде кеттік. Енді осы идеологиядан жанымызды, ой арманымызды, ойлау қабілетімізді тазалау сіздер мен

Бітіг (руна) әліпбиімен бүкіл бүтін империяны бір тудың астына ұйыстыра, топтастыра алды. Шығысы Маньчжуриядан батысы Еділге дейінгі 10 000 км, оңтүстік шығысы Қытайдың Ұлы Қорғанынан, Гималай, Гансу, Хантәңірінен, Солтүстігі Лена бойындағы Түнеліне (Якутия) дейін 8000 км алып аймақта екі диалектіде сөйлейтін бүкіл түркілерді бір ғана алфавитке жүгіндірді. Бұлар негізінде «И» және «Ж» тілді халықтар еді. Сол алып империяның қуаты, рухы түркі халықтарын ХХІ ғасырға алып келді. Демек, біздің қолданғалы отырған халықаралық латын алфавиті Қазақстан халықтарын ұйыстыратын бірден бір қару және қуатты саясат болмақ. Бір миллиард үш жүз мың қытай халқы алты диалектіде сөйлейді. Батысы шығысы, шығысы батысын, оңтүстігі солтүстігін ауыша қатынаста түсінбейді. Бір ғана иероглифпен түсініседі. Сол бір ғана иероглиф бүкіл қытай халқын ұйыстырып отыр. Бұқаралық сананы өзгертуге байланысты Елбасы мақаласында ерекше тоқталады. Үнемі философия айтып, үгіт насихат жүргізе берсең халық мезі болады. Социализм заманында бұндай үгіт насихаттың небір түрін көрдік. Нәтиже болмады. «Адам» атты пенде еңбектенумен қатар көңілді демалып, ойнап, күлу керек. Тойлау керек, шалқып-толқып қуану керек. Онсыз өмір мәңсіз. Адам сұлулыққа, үйлесімділікке, әдемілікке құштар. Осы құмарлығын, құштарлығын ұлтты ұйыстыруға біз неге пайдаланбаймыз. Үнемі қамшы үйіріп, үрейде ұстауды кім жақсы көрсін. Адамның, ұлттың, халықтың тілеп тұратын тілегін орындап, арманын ұзартып, тоқ сезіммен уайым-қайғысыз өмір сүруін қамтамасыз етуіміз керек. Сонда не істе дейсіз ғой?

Бұл мереке бүкіл халықты қамтитын қоғамдық мереке, қоғамдық шара.

а) Ұлттық спорттың түрлерін-бәйге, күрес, көкпар, садақ ату-ды бүкіл халықтық деңгейде көтеру.

Сонау артта қалған алыс ғасырлардан бермен қарай біздің халқымыз елдің елдігін, ердің ерлігін сынайтын күресті, ер қанаты атты, шеберлігін шендестіретін садақты, азаматы мен аттың күшін сынайтын көкпарды ұлттық той мерекесінің алқасындай алқап, ұлықтап келген. Осы сайыс түрлері қазақтың ұлттық бет-бейнесін басқалардан ерекшелендіріп келген. Ауылдан бастап, аудан, облыс, мемлекеттік деңгейде спорттың ұлттық түрлерін жыл сайын тұрақты жүргізуді қолға алу керек. Бұл сайыстар Тәуелсіздік мерекесі мен Наурыз мерекесінің алғашқы 3 күнінде өтіп тұрса жөн болар-ақ еді.

Мемлекеттік сайыстарға аудан, облыстардан жеңіп шыққан таңдаулылар қатысады. Бәйгесін Мемлекеттік деңгейде Ел президенті, Премьер министр, Сенат және Парламент төрағалары, депутаттар тапсырса қарапайым халықтың рухы көтеріліп, өз ұлтына, еліне деген мақтаныш пайда болып, өмірге деген белсенділігі артар еді.

Облыс, ауданда да жеңімпаздарды осы үлгімен бәйгесін ұсынатын болса, бүкіл халыққа мақсат еткен идеямыз жететін болады.

Бұл дегеніңіз ұлттық дәстүрді мемлекеттендіру, қоғамдандыру, әлеуметтендіру деген сөз. Сонда ғана қазақ ұлтының дәстүр-салты қоғамның әр мүшесіне жетіп, сол іс-қимылға, сайысқа араласып, содан ләззат алып, жұбаныш табады. Әрі билік пен халықтың алыстап кеткен арасын жақындастырады.

Бұл шара қазақтың ұлттық

құндылығын жаңғыртумен бірге ұлттық бет-бейнемізді қазақи кейіпке келтіретін бірден бір қуатты күш болмақ.

б) Бүгінгі қазақ өзінің ұлттық киімінен айырылып қалды. Біздің ұлттық киімдеріміз өздерін мәдениеттіміз деп есептейтін ұлттардың киімінен кем болған жоқ.

Қазақтың ұлттық киімі сонау Көк Түріктер дәуірінен қалыптасқан. Сол дәуірдегі киім үлгісі мүсіндер мен қыш терракоттарда, тарихи деректерде сақталған. Археологиялық қазбалардан да табылып отыр.

Төрт ғасыр өмір сүріп Қытай халқының қытайлық менталитетін қалыптастырған Таң патшалығының, патша сарайының ханумдары мен ханшалары, ханзадалары мен

керек. Ұлттық бет-бейнемізді жаңғырту үшін ауыл, аудан, облыс, мемлекет деңгейінде ұлттық киімнің конкурсын, фестивалін жыл сайын наурыз мерекесі кезінде өткізіп тұрса (театрлық киімдер бұл сайысқа қатыспайды) ұмытылған ұлттық киім үлгілерімізді жаңалап, қайта жаңғыртуға қол жеткізер едік.

— Күн сайын қарапайым өмірде киіп жүретін ерлер киімі (жазғы, қысқы);

— Қарапайым өмірде киінетін әйелдердің киімі (жазғы, қысқы) т.т.с.с.

Номинацияларға бөліп бәйге жариялау дұрыс болар еді.

в) Қазақ асханасы қайда? Алматы, Астана, Шымкент, Ақтөбеге еліміздің кез келген өңіріне барсаң солардың біре-

шыққандарын марапаттап отырды қолға алатын қажеттілік туындап отыр. Намысы бар қазақтар атсалысыңыздар!

г) «Қара жорға» биін бүіл халықтық дәрежеге көтеру. «Қара жорға» - Испандықтардың фламенко, поляктардың полькасы, Украиндықтардың гопак, Орыстардың калинка-малинка, Латын Американдықтардың румба сияқты бүкілхалықтық бидің деңгейіне көтеріп Наурыз тойында билейтін дәрежеге көтеру.

Осы ұлттық құндылықты Тәуелсіздік тойында, Наурыз мерекесінде және сол сияқты мерекелерде де мың адамға (1000) дейінгі құраммен билеп халыққа көрсету, рухын көтеру.

Міне, осындай бағдарламалар наурыз мерекесінің беделін

Ұзаққа бармай-ақ, автобуста, қоғамдық көлікте, үлкендер кіріп келсе жастарымыз саналы түрде орын беріп, алқап, құрметтеп отырғызады. Өздерін мәдениетті санайтын европалықтардан, қытайлар мен жапондардан ондай ізет көрмейміз. Тек қана қазақ пен өзбекте сақталған. Бұны болымсыз, елеусіз деуге болмайды. Бұл ғұрып біздің мәдениетімізді, бет-бейнемізді көрсетеді. Отбасынан басталатын бұл тәрбие бүкіл ұлттың беделін көтереді. Шетелден келіп жүрген ғалымдар, жазушылар біздің осы әдет-ғұрпымызға таңқалып, разы болатынын көріп жүрміз.

б) Ұл-қыздарымыз аса намысшыл болып келеді. Өзінің жеке басының әлсіздігін басқаға көрсеткісі келмей-

бармаған. Бүкіл халық құлақтанды. Бұл не? Бұл ұлт намысы, ұлт бірлігі. Бір бәсекеде бәйге алып атақ шығарудан бас тартып, ұлттық бірлік, ұлттық намысты қорғап шыққан. Осындай жақсы ғұрыптарымызды бүкіл халықтық деңгейде көтерсек біздің бет-бейнеміз айқындала түсер еді.

5. Ұлтқа байланысты Кеңестік кезеңде қалыптасқан ғылыми терминдерді қайта қарау:

а) Кезінде сонау Хунну (сюнну) империясынан бермен қарай (Көк Түрік, үйсін, түргеш, қарахандықтар, қыпшақ, қазақ т.т.с.с.) Ресей қоластына кіргенге дейін әкімшілік бөліністі оң қанат, сол қанат, орталық (ордалық) деп бөліп, Ұлы Дала көшпелілерінің ел басқару жүйесін жасаған еді. Қазақ хандығынан бастап бұл жүйеге әскери рең беріп жүздік деп атап кеткен. Сол үш жүзді Ресей империясы біріне-бірін қарсы қоюмен қатар жүздіктер ішіндегі тайпалар, руларды да бір-біріне қарсы қойған. Билеуші жатжұрттықтар өздері от көсеп алып бұл процесті трайболизм деп атап қазақ халқын мазакқа айналдырған, қорлаған.

Кезінде біздің ғалымдар «рутайпалық жүйе» деген атауды «биоәлеуметтік (биосоциальный) жүйе» деп атауды ұсынған еді. Қандас, туыстас рулар бірін-бірі қолдап, өз адамын, ұрпағын басқаға қорлатпаған. Бір-біріне көмек қолын созып, жетімін жылдатпай, жесірін қаңғытып далаға тастамай асырап адам қылған. Сондықтан туыстық қолдау жағы әлеуметтік көмек болу жағы басым болған. Осы ерекшелігін ескеріп «биоәлеуметтік жүйе» деп алуды ұсынамыз.

б) Қазақ атын атаса болды «номад», «көшпелі», «қаңғыбас» деген тіркестер қаптап кетеді. «Номад» дегеніміз үйсіз, күйсіз, еш нәрсе өндірмейтін, басқанын табысымен күн көретін сыған тобырын атайды. Ал, қазақтың бабалары басқа ұлттардың бабалары сияқты (орыс, украин, неміс, ағылшын, араб т.т.с.с.) көшпелі болғаны рас.

Біздің бабаларымыз ежелгі Хун дәуірінен бастап қала тұрғызып, жер жыртып, егін егіп, жартылай көшпелі, жартылай отырықшы қоғам орнатқаны бүгінгі күні ғылымда әбден дәлелденген мәселе. Хун дәуірінің өзінде 21 қаласы болғанын археологтар дәлелдеп берді. Көк Түрік дәуірінде бүгінгі Солтүстік қытай, Моңғол үстіртіне барлығы 30-дан астам, Сыр бойында 19 қаласы болғаны анықталып отыр. Сондықтан осы сияқты ғылыми тұжырымдарды танымдық публицистикаға молдап енгізіп халықтың көзін ашуымыз керек. Қазақтардың ата-бабасы Көк түріктерден бері жаппай көшпелі болған деген тұжырымды ысырып тастайтын уақыт жетті.

Осындай ғылыми терминдерді қайта қарау арқылы ұлттың ұлтжандылық махаббатын арттырып, патриоттық сезім ұялатын боламыз.

Осы сияқты мәселелер көп. Біз соның бірлі жарымын ғана сөз еттік. Қазақстанның әр азаматы осы іспетті мәселеге атсалысса бұқаралық сананы жаңғыртуға септігін тигізер еді деп ойлаймын.

Ұлттық код, ұлттық бет-бейнемізді мәңгі ұлықтап өтелік. Көк туымыз аспанда мәңгі желбіреп тұрғай!

# САНАНЫ

# АРНАЛҒАН БАҒДАР



сарбаз-сардарлары сол заманда Көк Түрік, Біріккен Түрік Қағанат Ордасының ханумдары мен ханшаларының және әскери киімдеріне қызығушылық танытып, күнделікті өмірде қолданғаны тарихи құжаттарда сақталған. Сол дәуірде киімдерімізді, Біріккен Түрік қағанаты құлаған соң Бесбалық, Тұрфан, Қашқар бағытына, Орхоннан қоныс аударған түріктер алып кетіп, Шығыс Түркістандықтарға жеткізді, сол киімдердің біразын ұйғыр халқы сәл өзгертіп ғана бүгінге дейін қолданып келді. Осы киімдерімізді Көк Түріктің бүгінгі ұрпағы қазақтарға қайтару мүмкіндігі туып тұр. Оның сыртында орта ғасырдағы Жошы ұлысы мен Қазақ хандығы дәуіріндегі киімдеріміз де ұмытылды. Осыларды түгелдей қайтаруымыз

біреуінде қазақ асханасы жоқ. Мына ел азаматтарында намыс бар ма? Не болып кеткен? Қайда барсаң корей асханасы, өзбек асханасы, француз, ағылшын, бразилия т.т.с.с. адрестер, тағамдар қаптап тұрады. Сонда қазақ асхана жоқ па? Қазақтар бұған дейін тамақ жасай алмай келген бе? Жоқ! Олай емес. Ендеше неге алақан жайып қарап отырмыз. Қазақтың дәміндей дәмді қайдан табасыз? Қазақтың тағамдарындай тағамды қайдан іздейсіз? Бізде бәрі бар. Кеңестік дәуірде «қазақ жаман», «қазақ жалқау» деп ұрып тастаған. Әлі де сол сойқан жұдырықтың астынан шыға алмай жатырмыз. Сондықтан, ауылдан бастап республикалық деңгейге дейін «Қазақ асханасының», қазақ тағамының іс-шараларын Наурыз мерекесіне орай жыл сайын тұрақты түрде өткізіп, озып

көтеруге, онымен қатар қазақтың ұлттық болмысын даралап, әлемге таныстыруға үлкен септігін тигізер еді.

Мұндай шараларда билік өкілдері басы қасында болуы, қолға алған істің ілкімді де саналы орындалуына әсер ететінін ұмытпауымыз керек.

Сонда ғана көшірме мәдениеттен алыстап, ұлттың тарихи тамырынан нәр алған, ұлттық рухан құндылығымызды бүкілхалықтық деңгейге көтеріп, ұлттың санасын жаңғырта аламыз.

4. Ұлттық этикалық озық ғұрыптарымызды бүкіл халықтық дәрежеге көтеру.

а) Қазақтың ұл-қыздары, ибалы, әдепті, ізетті. Қыздарымыз үлкендерге иіліп сәлем беру, ұлдарымыз ізеттілік көрсету, үлкенді сыйлау сияқты ұлттық ғұрыптарымызды сақтап қалған.

тін бекзаттылық бізде жақсы сақталған. Оқыс мінез көрсетпей, басқаға басындырмай, ұлтының жақсылығына қуанып, жайсыздығына іштей ренжіп жүретін бекзаттылық бізде басым. Бұл ұлттың намысшылдығын көрсетеді. Қазір Қазақстанның қай қаласына барсаң жатжұрттық әншілердің, әртістердің суреті ілулі тұрады. Олардың әнші қыздарынан біздің қыздардың несі кем. Керісінше қазақ қыздары сұлу, инабатты, көрікті. Неге солардың суретін ілмеске. Астанада Галкинның суретін әр көшеге іліп қойыпты. Оның орнына Димаштың, Нұртас Қайраттың, Төреғали Төрәлінің суретін неге қоймаймыз? Тағы бір ғана мысал: Қытайда Қазақстандық боксшы мен Қытайдағы қазақ боксшы бір-бірімен жұдырықтасуға

Жәнібектің елуінші туған күні әне келеді, міне келеді деп күтіп жүрген күндердің бірінде үйге жазушы Тұрсын Жұртбай телефон шалды. Амандық-саулық сұрасқан соң Тұрсын жатты да кеп жабысты: «Несіп, Жәнібектің бір сағаттық ұнтаспасын шығарамыз деп едік қой, соған жер-көктен аса қажет деген бір-екі әнін таба алмай жатырмыз. Сол әндер сенде ғана бар дейді. Соны беруің қажет. Онсыз Жәнібектің ұнтаспасы шықпайды!». Сасып қалдым. Аз-кем ән-өлең, айтыс үлгілерін жинап жүретінім рас. Бір уақыт тыңдап, өнерге деген шөліңді басуға қажет. Ал, Жәнібектің жөні басқа. Теңдесі жоқ әншінің радио, ТВ-дан көшіріп алған әндерін былай қойғанда, өзіме арнап, өз даусымен тілек тілеп, мөлдіретіп жазып берген екі бірдей ұнтаспасы, яғни арасына әңгіме араластырып үш сағат айтатын әндері бары рас еді. Жәнібектің әндерін тыңдамайтын күнім сирек. Әсіресе, жолаушы жүрсем Жәнібектің ұнтаспасын сәлем-сауқаттан да бұрын қоржыныма салатынмын. Жәнібекпен ұзақ жолда сырласқан қандай ғанибет. Жалықтырмайды-ау, еш жалықтырмайды. Ауылым да тыңдады Жәнібекті сан рет, дос-туыс, құда-жекежатқа да апарып тыңдаттым. Москва, Мюнхен, Париждегі қазақтарға да әбден таныс ол дауыс. Көбісіне көшіріп жазып бердім. Алматыда да жанқалтамнан тастамаймын. Өзі жоқ дегуге Жәнібекті қимаймын... Әншілерден бұл ұнтаспаны Бекболат, Сәуле, Тілеулес деген жас әншілер тыңдады-ау деймін. Рамазан деген жайсаң әнші бауырыма бір ұнтаспаны түгел көшіріп жазып бердім де.

Тұрсын солардың бірінен білген ғой. Жарайды, Жәнібектің өзі үшін қажет болса, бермей не бопты. Бірақ, мендегі ұнтаспа тәуір техникамен жазылмаған, дастарқан басында қолға түскен домбырамен қарапайым магнитофонға жазылған әндер ғой. Ол жаңа ұнтаспаға көшіруге жарай ма? Тұрсынға осыны айттым. Тұрсын да лықсып бір ақса тоқтатуы қиын жігіт, үстемелетіп, дәлелдеп, кері шегінетін жер қалдырмады.

Бердім. Алды. Жазыпты. Жәнібектің 50 жылдығына арналып ән, еске алу кеші өтті. Артынан ас берілді. Сол астың соңына қарай Жәнібектің жарыққа шыққан ұнтаспасын таратты. Томпиган әнші досымның бетінен сүйгендей аялап, төс қалтама салдым қорапты. Оңаша қалғанда тыңдап көрдім. Көңілді мұң басты. Ән өнерінің ақиғын, кезінде радио-теледидарға көп шыққан Жәнібектің тұңғыш ұнтаспасы «шіркін-ай» дегіздердей болмапты. Менен көшіріп жазған екі ән сапасы жағынан тым төменгі сатыда. Одан өзге де бірер ән Жәнібек айтты деп саусақ сорғызардай емес. «Піскен астың күйігін» кінәлау емес бұл. Бәріне жоқтық кінәлі. Бұл жолғы өкініш Жәнібектің жақсы әндерін еш жерден – не радиодан, не теледидардан таба алмауымыз. Оны не әнші аға-апа, не шәкірт іні-қарындастарының бірінің жүйелеп, жинап жүрмегені калай? Құдай-ау, қазақтың ұлттық ән өнерін өміріме серік етпей деген жастардың Жәнібек айтқан әндерді тірнектеп жинап, тек-

шелеп қаттап қоймауын түсінуге миым жетсе не қыл дейсіз?!

...Кештен де, астан да ауыр оймен оралдым. Ой салмағы таптап бара жатқан соң көмекті қалам мен қағаздан іздедім. Қаламым өзіме жеткізбей сырғыды. Ә дегенше «Менің Жәнібегім» деген сөз жол басына кестеленіп түсті:

#### «МЕНИҢ ЖӘНІБЕГІМ!»

Туғанына 50 жыл толған ортамызда жоқ ұлы әнші Жәнібек Кәрменовтің құрметіне өткен ән кешінен, досымды сағындым ба, сәл мұнайып оралдым...

Мұнан ары қаламым мүдірген жоқ:

«...Қазақтың ұлы сазгері Құрманғазы есімін аркалап тұрған Алматыдағы бас ән-күй оқу орданының кең залына кіріп келіп, сахнаға көз тастаған бетте жүрегім дір ете түсті. Сахнаның төрінде Жәнібек бейнесі жерден жеті құлаштай биікте қалықтап тұр екен...

Кеште ән де айтылды, естелік

Жәнібектің жаныңды тербер көркем прозалары бар. Солардың басын қосып, таңдамалы жинағын шығарса артық па? Кітабына ән сүйелінің сүйкімді портретін берсе... Рас, бүгінгі қиын кезеңде мұндай салмақты полиграфиялық дүниелерге кімнің шамасы келеді. Біреуді отқа итеру ойда жоқ, әйтсе де Жәнібекті жан бауырындай көрген біраз аға-бауырларымыз бүгінде баспа басқарып отыр. Жәнібекті шын сағынса, сол ағалар ұран тастап, күш біріктірсін. Жетпей жатқан көрпесін өзге дос-жарандары, жанашырлары қымтасармыз. «Шын жыласа соқыр көзден жас шығар» деген, кешегі құдайы асын, әрі той дастарқанын да достары бірігіп көтерістік қой.

Жәнібектің дауысы ұмыт бола бастады. Теледидар атаулының бұрынғыдай қазақ әнін іздеуі сирек. Оның үстіне нарық заманы ұлттық белгіңізге орай емес, жарнамаңыз қалың болса ғана қарық қылады. Одан да терең

ры жоғарыдағы мекемелердің қорынан 300-350 ән білетін және соларды сорағалатып айта алатын Жәнібектің ұнтаспасына түсіруге бір сағатқа ұнтасын әндерін таба алмады... Сондықтан да болар тұңғыш рет 1000 данамен шыққан бұл сұранысқа бай болар базарлық өз дәрежесінде, «Шіркін, мынау Жәнібек қой!» деп таңдай қақтыратындай боп шықпады.

Батырдың тұлғасына қарап-ақ аңыз болған тарихын ұмытпауға болар. Әншінің дауысын жиі естімей нұр бейнесін сол күйінде сақтап қалу мүмкін дегенге сенбеймін. Бізге Жәнібек керек болса – ол сәт сайын ән салып тұруы керек. Сонда ғана Ол аңыздан ақиқатқа, қиялдан қадірлімізге айналады.

Жәнібектің шын бағасы берілген жоқ. 43 жасында 80-дегі қарияның ғұмырын кешіп, ақберен шағында-ақ абыздың сөзін сөйлеп кеткен Жәнібек – Қазақтың ән өнері үшін ХХ ғасырда дара тұлға. Өз басым аттай жиырма жыл білген Жәнібегімді елу жыл бойы пір

ты. Бұл Жәнібекке «ұлы» атауын тұңғыш телу. Заңды! Уақытылы! Кеште де «ұлы» атауы қайталанып, мақұлданды. Мүмкін бізге ғана, бүгінгі ұрпаққа, Жәнібек жас жігіт боп көрінер. Ұлыларды тек өткен ғасырдан, жылдар қойнауынан іздеуге мойындатқан кешегі Кеңес идеологиясы болатын. Енді ұлыны тым алыстан емес, қол созымнан көруге бойұсыну басталса құба-құп. Тіпті басы осы болар. Жәнібек Біз бен Сізге ғана Жәнібек. Оның үстіне Жәнібек енді мәңгілік қой! Енді 40-50, 90-100 жылдан кейінгі ұрпаққа ол да ғасыр қойнауынан бой кетерген ұлы аруақтай көрінері өтірік пе?!

...Қара жер басып жүріп, көкке ұшқан адам жоқ. Адам ұлылық тағына отырғанда ғана көкке ұша алады. Әуелде айттым ғой: «Қазақтың ұлы сазгері Құрманғазы есімін аркалап тұрған Алматыдағы бас ән-күй оқу ордасының кең залына кіріп келіп, сахнаға көз тастаған бетте жүрегім дір ете түсті. Сахнаның төрінде Жәнібек

# Шырқашы,



те шертілді. Жәнібектің шәкірті, әнші Бекболат Тілеуханов пен досы, ақын Несіпбек Айтұлы кештің тізгінін кезек қағып отырды. Әдеттегідей ақсақал, қарасақалдар топ басын бермеді. Жәнібек иісі қазаққа қымбат жан еді. Сондықтан, Жәнібекті жақын білген жан да, онымен жолай жолыққандар да, сыртынан білетіндер де, ұзынқұлақтан естігендер де естелік айтуға тырысты.

Көп сөз, көп ой, көп ән айтылды. Айтылмаса, мына төмендегі пікірлер айтылмаған болар:

Жәнібектің бейнесі ұмыт бола бастады. Өзі жоқ адамды теледидар көп көрсете бермесі анық. Жәнібектің бейнесі кестеленген баспа өнімдерін шығару – міндетіміз. Ол не болуы мүмкін? Ең әуелі, Жәнібектің нұр бейнесін кестелеп, күнтізбектер, көркем плакаттар жасауға болар еді.

сүнгісек, республикамыздағы «Шахар», «Рахат», «31 канал», 32... 33... каналдарды былай қойғанда, таза ұлттық арналар – «Хабар» мен «Қазақстан-1» – арналарының жана, жас құрамына Жәнібектің баға жетпес дауысын, оған ғашық қазақ халқының қаншалықты сусап отырғанын, олар түгілі осы телеарналардың бірінші басшыларына түсіндіру, әй, аюға намаз үйретуден оңай болмас. Қазақтың ән өнерін, күй өнерін насихаттауға жаралған «Алатау» телеарнасы мен «Шалқар» радиоарнасының бүгінде топырағы кебейін деді. Кезінде Жәнібектің Акселеу Сейдімбекпен сырласа отырып айтқан қазақ халық сазгерлерінің анталогиясына бергісіз оншақты хабарын бүгінде сол архивтерден итпен іздеп таба ала ма екенсіз?!

Сұмдық! Кеше, Жәнібектің ұнтаспасын шығарғылары келіп шырылдай жүгірген доста-

тұтқан бірде-бір бұрынғы алып-тармен салыстырмаймын. Жәнібек – Қазақтың ән өнеріндегі қайта тумас тұлға!

Жәнібектің бағасын беру ол үшін қажет емес. Ел, халық, ұлт үшін қажет. Бүгінгі санасыз, санылаусыз ұрпаққа Жәнібек неге керек? Тар қапас түнгі клубтарда түтінге тұншыққан қазақ жастарына дәл сол жерде Жәнібектің шырқау бір әнін майлап тыңдата ала ма екенсіз?! Бүгінгі бизнесіне асыққан, уақыт қуған, сезімді спонсорға айырбастаған ұл-қыздарымызға бұл қоғамда Жәнібек болған дегенді айтып түсіндіру түгілі, бүгін Қайрат, Бекболат, Рамазан деген ұлттық байлықтарымыз бар дегенді көрсетіп, сендіру қандай қиын?! Бүгінгі ұрпақ осылай болғанда, ертеңгі келер лек қандай болар екен... Қазақ әнінің, яғни әншісінің қарнының ашқанына емес, қадірінің қашқанына зарлайтын сәті келесі ғасырда туып жүрмесін әлі.

Жәнібектің бағасын сондықтан да бүгін беру қажет.

Жәнібек Кәрменовке Қазақстан Республикасының Халық әртісі атағы мен ҚР Мемлекеттік сыйлығын алып беру керек! Жәнібек бұл атақ-абыройдың екеуіне де көзі тірісінде-ақ лайық болатын. Егер ел сенген ер-азаматтарымыз ой біріктіріп, ойлы қадам жасаса, Елбасы еңіреген ерге қиянат жасамайды. Тартыншақ болсақ – бізге сын. Бауқен секілді Жәнібек те ән өнерінің хас батыры дегенге кім сенбес бүгін.

Жәнібектің өз атындағы ән мерекесі болуға тиіс және Жәнібектің өз ән мектебі болуға тиіс! «Қоя тұр!» дейтін қолдарды көріп тұрмын. Қоймаймын! Ақан, Біржан, Әсет, Мұхит, Әміре, одан өзге де ұлы тұлғаларға Жәнібекті теңеуден қорықпаймын. Жәнібектің жоғарыдағы ән кешіне шақырған алақандай қағазға «ұлы әнші Жәнібек Кәрменовтің туғанына 50 жыл» деп жазып-

бейнесі жерден жеті құлаштай биікте қалықтап тұр екен...»

...Жәнібек 43 жыл жер басып жүріп, жеті жыл жербесікте жатып дәл бүгін көкке ұшып шыққан екен. Кеш біткенше сол биігінде тербеліп тұрған ұлы бейне біз залдан тараған бетте шаңырақтан сытылып шығып, жұлдызды аспанға самғап кетті. Енді ол сонау көк жүзінде қоныстанған ұлылар шоғырына қосылғанша ұша береді. Тек біз оның қанатына жел беріп, табанына алақанымызды тосымыз керек. Ол қамқорлықтың бір парасы – жоғарыда біз тізген шаруалар.

«...Қадірі болмас адамның қасында тірі жүргенде,

Орны қалар ойсырап, бір күні көрге кіргенде!» – деп өзі толғағандай, қазақ әні үшін Жәнібектің орны жуықта ордала на қоймас. Бір мезет Жәнібектің ұлы талантын пенделік ұсақтықпен үгітіп алмай, ұлы бағасын бақастықпен бөлшектеп алмай, ұлы бейнесін күйкі тіршілікпен кірлетіп алмай, осы ғасырдың төрінен даярланған өз тағына ақ арулап қондыра алсақ ғанибет. Елдікке сын да осы.

...Тіпті сол Жәнібекті қазақтың кім екенін сынамай деп ерте бауырына тартты ма деймін Жаратқан?!

\*\*\*

Ақылдан азап шегіп жүрген жоқпын. Мұның бәрін Сіздер де білетін боларсыздар. Айтқалы, істеткелі жүрген шығарсыздар. Оған күмәнім жоқ. Тіпті «бір жақтағы спортшы жігіттің ән өнерінде несі бар» дерсіздер. «Ән тыңдаса тыңдасын, Жәнібектен не түсінеді» дерсіздер. Айтқыңыздар, ауыздарыңыздан қақпаймын.

Ешкімнің аялаған Жәнібегіне жабысқалы отырғаным жоқ. Бөліскелі де отырғаным жоқ ешкіммен. Менің өз Жәнібегім бар! Сонау бозбала шағымда алыс ауылдан Алматыға бір қолыма домбыра, бір қолыма доп ұстап келіп, екеуінен де жолым болмай, қаламгерлік ауылға шәкірт болғанда Жәнібекпен өнер сай-





Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт ең алдымен тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады» деп ұлттық мәдениетімізді ұлықтау арқылы ғана өркениетті ұлтқа айнала алатындығымызды атап көрсеткен-ді. Бұл тұрғыда қазіргі таңда елімізде ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлының жетекшілігімен ауқымды істер атқарылып келеді. Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі мәдени саясатының тұжырымдамасының аясында жүзеге асып келе жатқан жүйелі жұмыстар осы сөзіміздің нақты дәлелі болса керек-ті. Төл мәдениетіміздің көсегесін көгерту жолындағы ілкімді істердің бір парасын оқырман назарына ұсынғанды жөн санадық.

Арыстанбек МҰХАМЕДИҰЛЫ,  
ҚР Мәдениет және спорт министрі:

## ҰЛТТЫҚ КИНОНЫ ДАМУЫ – КЕЗЕК КҮТТІРМЕЙТІН МӘСЕЛЕ



Қазақтың ұлттық кино өнерін дамыту жолындағы атқарылған істер мәдениетіміздің дамуына қосылған зор үлес екені белгілі. Сала жұмысын жандандыру бағытындағы істер күннен күнге қарқын алып келе жатқаны қуантады. Таяуда ғана ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы бас қаламыз Астанадан «Астанафильмнің» құрылатындығын, сондай-ақ «Қазақфильм» аумағында еркін экономикалық аймақ болатынын мәлімдеген-ді.

Сондай-ақ. Мемлекет басшысының «Кинематография туралы» заңға қол қоюы да сала жұмысына жаңа серпін бергенін айтуға тиіспіз.

«Елбасымыз «Кинематография туралы» Қазақстан Республикасы Заңына қол қойғаны баршамызға белгілі. Бұл ауқымды құжат кинематография саласында құқықтық негіз орнатуға бағытталған. Заң жобасы үш жыл бойы дайындалып, жасалып, енді бекітілді. Бұл кино саласы үшін маңызды, яғни ұлттық кино өндірушіні қолдау, ұлттық киноны прокатта шығару, қазақстандық киноны әлемдік кино нарығына белсенді түрде шығаруға бағытталған осы сала үшін өте маңызды заң. Заң туралы кеңірек айтқым келіп отыр», – деп атап өтті А.Мұхамедиұлы. Министрдің сөзінше, еліміздің киноөнеріндегі барлық фильмдерді қазақ тіліне дубляж жасау, не субтитр беру, немесе кадрдан тыс аударманы қамтамасыз ету – көптен бері шешімін күткен мәселе. Аударма көрсетілім иесінің, дистрибьютор есебінен жасалатын болады. Аударма түпнұсқадан немесе ресейлік нарық үшін орыс тіліне тәржімаланған нұсқадан

жасалады. Бұл өз кезегінде көрсетілім иесінің шешіміне байланысты жүзеге асады. Ереже көрсетілімі шектеулі фильмдерге қатысты болып табылмайды.

Ұлттық фильмдеріміз әлбетте, мемлекеттік тіліміз – қазақ тілінде көрсетілмек. Өзге тілде тек қажеттілік туындаған жағдайда ғана берілмек.

«Қазақстанға жылына 300-ден астам фильм әкелінеді және олар қазақ тіліндегі нұсқасыз көрсетілетін. Мұның әртүрлі себептері бар, соның бірі – құқық иеленуші үшін кәсіби дубляж жасауға жұмсалған қаржы еліміздегі көрсетілімнен түскен пайдадан асып кетуі мүмкін. Сонымен қатар, заңда фильмдерді жасқа қарай жіктеп, соған сәйкес категория берілуін, фильмдерді жүйелеп, есепке алып, мониторинг жүргізетін бірыңғай автоматтық ақпараттық жүйе құру қарастырылған», – деді А.Мұхамедиұлы.

Тағы бір айта кетерлік жағымды жаңалықтың бірі – Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығын құру жүйесінің қарастырылатындығы. Бұл тұрғыда кино өндірісімен айналысатын елдердің озат тәжірибесіне сүйену көзделуде.

Заң Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы жұмысының құқықтық негізін айқындайды. Сондай-ақ, Ұлттық киноны қаржыландырудың жаңа моделі іске асады. Ірі киноөндірушілерді қолдау және инвесторларды тарту мақсатында субсидия төлеу, кинематография саласында салық жеңілдіктері, кино қызметін есепке алу және мониторинг жасау автоматтық ақпараттық бірыңғай жүйе құру, киноколлекцияларды цифрландыру шаралары қарастырылған.

Кино әлеміндегі орын алатын бірқатар жаңалықтармен хабардар еткен сала жетекшісі: «Қазақстан Үкіметі жанынан ұлттық фильмдерді мемлекет тарапынан қаржылай қолдау туралы ұсыныстар мен ұсынымдар мәселесімен айналысатын консультативтік-кеңесші орган – Ұлттық фильмдерді мемлекет тарапынан қаржылай қолдау мәселелері бойынша мекемеаралық комиссия құрылады. Елбасымыздың тапсыруымен «Астанафильм» және «Қазақфильм» территориясында еркін экономикалық аймақ құру мәселесі қарастырылды. Біз бәріміз Елбасымыздың Заңға қол қоюын асыға күттік. Кинематографиямыздың дамуында шешуші кезең болып табылатын Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы «Кинематография туралы» тұңғыш заң қабылдануымен баршамызды құттықтаймын!», – деп өз лебізін жеткізді.



## ТҮРКІСТАНДЫҚ ӨНЕРПАЗДАР ӘЛЕМДІ ТӘНТІ ЕТТІ

Түркістандық өнерпаздар өздерінің талантымен талайларды таңдай қақтырып жүр. Олардың бір жылдың ішінде шетелде өткен 18 концертке қатысып, өнер көрсеткендігі осы сөзіміздің дәлелі болса керек-ті. Түркістан облыстық Мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы басшысының міндетін атқарушы Асылхан Темірханның айтуынша, өткен жылы Ш.Қалдаяқов атындағы облыстық филармония мен «Түркістан сарайы» концерттік ұйымында 373 концерт пен мәдени іс-шара өткізіліпті. Сондай-ақ, жергілікті өнерпаздар жиырмаға жуық гастрольдік іс-сапарға шыққан.

«Жаһандық заманауи Қазақстандық мәдениет» бағыты бойынша облысымыздың мәдениеті мен өнерін шетелдерге таныстыру мақсатында облыс өнерпаздары «Кастамону – Түркі әлемінің мәдени астанасы» жылының аясында Түркия Республикасының Кастамону, Анкара, Ыстамбұл қалаларында, Жапонияда 18 концертке қатысты. Сонымен қатар, есепті мерзімде облыс өнерпаздары Финляндия, Швеция, Эстония, Ресей, Италия, Грузия, Түркия, Молдова, Қырғызстанда өткен түрлі жанрдағы халықаралық байқаулар мен фестивальдерге қатысып, жүлделі орындардан көрінді», – деді Асылхан Темірхан.

Аймақта қазақ мәдениетін

шетелдерде танытып, жетістіктерімен қуантып жүрген таланттар шоғыры жетерлік. Мың бұрала билеген бишілер де, оза шауып бәйге алып жүлделі оралып жүр. Атап айтқанда, «Түркістан» сарайының «Фараб» би ансамблі Түркия мемлекетінің Инголь қаласында өткен халықаралық «Мәдениет және өнер ұжымдары» конкурсында I орынды иеленген. Сондай-ақ, Бурса қаласында өткен 32-ші халықаралық «Алтын Қаракөз» конкурсында арнайы жүлдемен марапатталған.

Аймақтың ғана емес қазақ халқының мәртебесін асқақтатқан осындай өнерпаздарымыз мәдениетіміздің мерейін өсіре берері сөзсіз.



## Жастар мәдениетті жаңғырта түспек

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың жарлығымен 2019 жыл Жастар жылы деп белгіленгені баршамызға мәлім. Елбасымыз: «Сендер экономиканың кенестік жүйесін және өркендеуіміздің сол заманғы қиын бастауы болған кезді білмейтін тәуелсіздіктің алғашқы ұрпақтарысындар. Сонымен қатар сендер жаһандық әлем жағдайында өмір сүріп жатқан алғашқы ұрпақсындар, сондықтан, сендер өркендеуіміздің талаптарын барынша айқын түсінуге тиіссіндер», – деп Тәуелсіз Қазақстанның дамуы жолында жастарға үлкен үміт артатындығын жеткізген-ді.

Осынау жауапкершілікті сезінген жастарымыз әрқайсысы өз салалары бойынша елдің өркендеуіне барынша үлес қосып келеді. Бұл бағытта мәдениет саласында да көптеген игі істер атқарылуда.

Еліміздің жас эстрада жұлдыздарының қатысуымен

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінде баспасөз мәслихаты өткен-ді. Жиын барысында олар өткен жылғы шығармашылық жұмыстарын қорытындылап, биылғы Жастар жылына қолдау білдірді. Мұндай игі бастама өнер саласында жүрген жастар үшін жемісті әрі жеңісті жыл болмақ. Бұл өз кезегінде мәдениетіміздің мәртебесін биіктетері өзіс.

Жиын барысында сөз алған «Қазақконцерт» бірлестігінің эстрада бөлімінің жетекшісі Мөлдір Әуелбекова ұжымның атқарған жұмыстарына кеңірек тоқталып өтті.

«Өткен жылы Қазақконцерт» бірлестігі үлкенді-кішілі 139 жобаны жүзеге асырды. Оның ішінде 2-і – халықаралық жоба. Атап айтқанда, екінші халықаралық «Астана» театр фестивалі мен әлемге әйгілі Notre Dame de Paris мюзиклінің алғаш рет қазақ тілінде қойылуы. Аталмыш мюзикл алдағы уақытта Азия елдеріне шығарылады деп жоспарлануда», – деді ол.

«Өздеріңіз білетіндей былтыр «Жігіттер» квартетінің

өнерде жүргеніне 15 жыл толды. Осыған орай Алматы және Астана қалаларында есеп беру концертін өткіздік.

Алдағы уақытта 15 жылдық мерейтойға арналған бағдарламамызбен алыс-жақын шет елдерде өнер көрсетуді жоспарлап отырмыз», – деді «Жігіттер» квартетінің мүшесі Елдос Қанаев.

Сондай-ақ, жиында сөз алған әнші Әлішер Каримов, «Астана Опера» театрының солисі Бақтияр Адамжан, әнші Әли Оқаповтар елімізде жоспарлы түрде жүзеге асып келе жатқан жастар саясатының арқасында жастарға зор көңіл бөлініп отырғандығын тілге тиек етті. Атаулы жыл аясында қазақ мәдениетінің дамуына күш-жігерлерін аямай жұмсайтындықтарын жеткізді. Әрі бұл тұрғыда елімізде барлық мүмкіндіктер қарастырылғандығын атап айтты.

Бетті дайындаған  
Гүлмира БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

# ГИБЕЛЬ детей в Астане – сбой социальной модели



**4 февраля в пожаре Астане погибли пятеро детей из одной семьи! Из-за того, что родители должны были работать и днем, и ночью, чтобы прокормить семью. Старшей из них было 13 лет, младшей – всего 11 месяцев. Весь Казахстан сочувствовал родителям погибших детей. Соседка семьи сказала, что не знает, как к ним подойти, какими словами их утешать. Все понимали, что им придется теперь с этим жить.**

## СБОЙ СОЦИАЛЬНОЙ МОДЕЛИ

А до этого 9 января в дачном пригороде Кызылорды «Наурыз» загорелась мебель, вскоре огонь перебрался на потолок. До прибытия пожарных родные вынесли из дома трех мальчиков, которые надышались угарным газом, все трое умерли в больнице, братьям было 4, 6 и 7 лет. В тот же день в Талдыкоргане от угарного газа погибли три человека, двое из которых дети. Согласно данным Комитета по ЧС, количество пожаров по республике за 2018 г. составило 9 595, в них погибло 322 человека, в том числе 34 ребенка. Цифры за 2018 г. ниже, чем за 2017 – тогда погибло 44 ребенка, а пожаров было 10 269.

Сколько еще детских жертв должна собрать смерть, чтобы правительство научилось понимать причины и следствия таких событий?! Почему в нашей стране женщины не могут себе позволить ухаживать за детьми, а вынуждены работать, оставляя своих детей без присмотра? И это в небедной стране, где находят миллиарды долларов на всевозможные ЭКС-ПО, банки, саммиты, различные мероприятия, пантеоны и т.д., а на матерей и их детей оставляют крохи.

В некоторых западных странах подобного рода трагедии ведут за собой законодательные изменения, многие из которых затрагивают истинные их причины, а не так, как у нас – наказывать владельцев времянок, штрафовать и запрещать. Обсуждая трагедию в Астане, некоторые люди дошли до того, что обвиняют в гибели детей их родителей. Даже были намеки, что могут завести уголовное дело на убитого горем отца пятерых детей.

Смерть детей от пожара – это результат бездарной политики го-

сударства в социальной, демографической, миграционной сфере, жилищного права. Ведь кризисные явления в независимом Казахстане особенно сильно ударили по регионам, малым городам, сельскому хозяйству, инфраструктуре села, социальному обеспечению, доходам сельчан, среди которых много безработных. Что породило поток мигрантов в крупные города.

Все это сдерживал и сдерживает демографический рост. Корреляция между экономикой и демографией особенно прослеживается на примере села. Основными «центрами притяжения» сельских и городских мигрантов являются и являются города Астана и Алматы, где обосновались в надежде на лучшую жизнь тысячи молодых семей, снимая временки, комнаты в общежитиях, квартиры.

И эта печальная тенденция тянется с первых лет независимости. Ее кульминацией явились события в июле 2006 г. в Алматы, когда акимат приступил к сносу «незаконных» домов в «Бакае», «Шаныраке». Но полиция столкнулась с ожесточенным сопротивлением жителей. Они вооружились «коктейлями Молотова», сожгли следователя и пожарную машину. Хотя впоследствии жизнь в «Шаныраке» худо-бедно наладилась, проблема «социальных аутсайдеров» не решилась.

Правительству давно пора принять соответствующие меры для решения проблем многодетных семей. Как отметил заместитель председателя Федерации профсоюзов РК Ерлан Саиров: «Нам следует разработать концепцию социально-демографического развития страны. У нас многодетными считаются семьи, имеющие 4 и более детей. Таких семей насчитывается более 250 тысяч. Следует решить следующие вопросы. 1. Многодетным семьям, воспитывающим 7 и

